

Кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 қыркүйек N 1400

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:
реттік нөмірі 43, 57 және 98-жолдар алынып тасталсын.

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 591 қаулысымен. P 0 1 0 5 9 1 _

3. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі" жабық акционерлік қоғамы " ТрансПетролеум" жабық акционерлік қоғамының:

1) "Травники-Қостанай-Аманқарағай" және "Петропавл-Көкшетау-Астана" магистралдық мұнай өнімдері құбырларындағы мұнай өнімдерін сумен ығыстырып шығаруды ;

2) "Травники", "Қостанай", "Петропавл", "Красноармейск", "Щучинск" аралық қайта айдау станцияларымен бірге "Травники-Қостанай-Аманқарағай" және "Петропавл-Көкшетау-Астана" магистралдық мұнай өнімдері құбырларының желілік бөліктерін консервациялауды ;

3) жоғарыда көрсетілген мұнай өнімдері құбырларының трассаның өн бойындағы жабдықтарын оның сақталуын қамтамасыз ете отырып монтаждап бұзуды және реттеп жинауды жүргізуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті "ТрансПетролеум" жабық акционерлік қоғамы жоғарыда көрсетілген мұнай өнімдері құбырларынан ығыстырып шығарған мұнай өнімдерінің көлемін қабылдап алуды және сақтауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК